

Арықбай Ағыбаев
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университетінің кафедра менгерушісі,
Заң ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Сүйінбай, Жамбыл жырлаған билер мен батырлар.

Қазақстанның тәуелсіздігі, егемендігі, біртұтас, іргелі мемлекет болуы үшін қан төккен қас батыр бабаларымызды, ел басқарған дана билерімізді, ғұлама шешен ойшылдарымызды еске алу, олардың ерлігін паш ету бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы. Халқымыз тәуелсіздік үшін мың өліп, мың тірілген. Осыған орай ақын Кәкімбек Салықовтың;

Сұлу Көкше, өр Алатау арасы,
Бәрі тұтас қазағымның даласы.
Сонша жерді сойылменен қорғаған,
Бабаларым осал емес алу шамасы,-

деген өлең жолдары кімді болмасын терең ойға қалдыратыны даусыз. Ел қорғаған, есімдері аңызға айналған батырларды, билерді жырлаған ақындар да аз емес.

Жыр алыбы, ХХ ғасырдың Гомері атанған, киелі Жамбыл Жабаев бабамыз қалың елін, байтақ жерін қорғаған батырларымыздың асқан ерлігін, дана билердің өнегелі өмірін ғұмыр бойы жырлап өткен, олардың ерліктерін ерекше сүйсініп, мақтан еткен.

Шапырашты руының батырлары, билері туралы өз заманында Жамбылдың ұстазы Сүйінбай да көп жыр толғаған. Сүйінбай, Жамбыл жырларында Майқы би, Төле би, Нарбота би, Сүттібай, Сұраншы, Сарыбай билердің аттары жиі айтылады. Сүйекең сүйікті шәкірті Жамбылға ел рухын көтеретін би, батырлар жырын жырлауды аманат еткен.

Сүйінбай жырлаған әділ билер, батырлар туралы дастандарды Жамбыл бабамыз одан әрі дамытып, толықтыра жалғастырды, ұстазына деген құрметін әрқашан алға салып отырды;

“Менің пірім Сүйінбай
Сөз сөйлемен сиынбай,
Сырлы, сұлу сөздері
Маған тартқан сиындай.
Сүйінбай деп сөйлесем
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай”, - деп
жырлауы осыған дәлел.

Сүйінбай Аронұлынан естіп, құлаққа сіңісті болған, Қарасай батырмен оның баһадүр ұрпақтары Қараш, Саурық, Сүттібай, Сұраншы батырлар, Нарбота, Сарыбай би туралы ең көп жырлаған Жамбыл бабамыз еді. Халық: “Екей ақындар елі, Есқожа батырлар елі”, - деп бекер айтпаған. Екейден шыққан Сүйінбай, Жамбыл бастаған кең құшақты, терең ойлы ақындардың тақырыбыда негізінен осы елі үшін еңіреп туған ерлер мен билер еді. Есқожадан тараған Қарасай батырдың балалық шағынан бастап жауға атойлап шапқан, толарсақтан саз кешіп, ат ауыздығымен су ішкен сұрапыл күндерін түгел жыр өзегіне айналдырды оның ізін басқан батыр, ұрпақтарын, әділ билерін жырлап тарихқа өшпес із қалдырған.

Бақ қонып, қыдыр дарыған қасиетті, киелі Қарасай батыр жасынан туысы Жанай батырдың тәрбиесін көреді, өнерін үйренеді, айла амалын меңгереді. Шапырашты батырларының атасы, әрі биі, Жанай батыр. Ол 1536 жылы туған. Хақназар ханнан бастап Тәуекел ханмен Есім ханның тұсында қол бастап атағы жер жарған, елу жылдай қолбасшылық жасап, билік жүргізіп жеңіс туын қолынан түсірмеген дара батыр би.

1583 жылы Сығанақ үшін болған ұрыста Жанай батыр бастаған Шапырашты, Дулат қолы үлкен ерлік көрсеткен. Соғысқа жер қайысқан әскер, шамамен жүз мың қол қатысқан. Осы ұрысқа Жанай батырмен бірге Есім ханның өзі тікелей араласып, ал Тәуекел хан болса майданға жалпы басшылық жасаған. Соғыс Жанай батырдың жеңісімен аяқталып, олар Ташкент, Самарқанд қалаларын азат етеді.

Осыдан кейін Ташкент әмірі Тұрсынмен болған қақтығыста Жанай батыр ерекше қайрат көрсетіп, ерлік танытады.

Бұл оқиғалар Шапырашты Қазыбек бек жазбаларында толық сипатталған. Жанай батыр би ретінде әділдік үшін жанын салған, жұртпен барынша ортақ тіл табысуға ұмтылған, басқыншылық соғыстарды қаламаған, жауласқан елдің қарапайым халқына еш зорлық – зомбылық жасамаған. Әйелдерге, қарттарға, кембағал адамдарға қысым жасаған өз адамдарды болса оларды аяусыз жазалаған. Жанай батырдың би ретіндегі тағы бір қасиеті: жау жақтың адамдары түркі тілдес болған жағдайда олардың атын жарып тастайды екен. Мұнысы адам өлгенше аты өлсін, атсыз адам-қуатсыз, қарсы жаққа қайрат көрсете алмайды дегені екен. Сондай-ақ Жанай батыр қарсыласқан дұшпаның басын шаппай, қолын шауып тастайды екен. Онысы басы шабылған адам соғыста жеңілгенін көре алмайды ал, қолы шабылған жауынгер ұрыстың немен аяқталғанын білсін деген екен.

Жанай батыр қазақ-жоңғар соғысында елін талай жаудан қорғаған. Осыған байланысты Жетісу өлкесінде “Матай – Жанай соғысы” “Жанай - Қарасай” соғысы деген тарихи аттар бар. Жанай батыр өте сұсты да, сесті адам болған деседі. Шапырашты Қазбек бек өз жазбасында: “Жанай Шонай ұлы орта бойлы ғана, қасы, қабағы адам бетіне тура қарай алмайтындай түксиген адам екен. Қару-жарақсыз жүру ол кісінің ойына келмеген жай көрінеді. Үйінде отырғанда да жанында қылышы, белінде сапы болады екен” (Түп-тұтқияннан өзінше шейін. 196 бет). Жанай батыр Емілден

тараса, Қарасай батыр Есқожадан тарайды. Еміл, Есқожа ағайындас адамдар.

Жанай батыр Қарасайды жасынан ерлікке, қол бастауға, билікке баулыған, талай атышулы соғыстарға екеуі бірге қатысқан, осындай қиынқыстау, қауіпті кезеңдерден сыннан өткен жас батыр Қарасайға көңілі толып, Жанай батыр 79 жасында өзінің өмір бойы көтеріп келген көк байрағын, алмас қылышын жеткіншегі Қарасайға сеніп тапсырған.

Бұл әке аманаты ғана емес, қалың елдің сенімі, үлкен үміт еді. Қарасай қатты тебіренеді. Аманатқа адал болуға ант берелі. Қарасай ол кезде 17 жаста екен.

Қарасай бес шам Шапыраштының ұраны болған. Ол туралы Шыңғыстың ғұлама ғалымы Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде көрсетіп, көсіле жазған болатын. Сондай-ақ, зерттеуші Мұхамеджан Тынышпаевтың 1925 жылы Ташкент қаласында шыққан “Қырғыз-қазақ халқы тарихынан материалдар” деген еңбегінде (28-бет) Шапыраштының ұраны Қарасай, таңбасы Ай, Тұмар деп тайға таңба басқандай көрсетілген. Қарасайдың бүкіл Шапырашты елінің ұраны болуы жәйдан-жәй, кездейсоқ уақиға емес. Ол батырлығымен, тапқырлығымен, шешендігімен, әділдігімен, әулиелігімен, көргендігімен көзге түсіп, бүкіл ел құрметіне бөленген. Ол туралы тарихта әртүрлі аңыздар, әңгімелер, шешендік сөздер жеткілікті.

Қарасай батыр ғана емес, көргендігімен, әулиелігімен де танылған жан. Тарихи деректер бойынша Қарасай батыр Төле бидің /1663-1756ж.ж./ әкесі Әліпбекпен әрі сыйлас,, әрі сырлас ағайын болған дейді. Алты жасар Төленің тапқырлығына риза болған Қарасай батыр оған “Сен үш жүздің биі боласын, саған айтар екі аманатым бар: - Оның біріншісі Кенже ұлым Көшекті Дулат, Шапырашты болып ренжітпендер, түбіне одан еліне билік ететін ұл туады, ал сол момын Көшегімнің басына мен дүниеден өткен соң зобалаң іс түседі, соны әділ шеш”, - дейді.

Ел аузындағы деректер бойынша, айтса айтқандай – ақ, Қарасай батыр дүниеден өткен соң оның ең кіші ұлы Көшекке кісі өлімі туралы жала жабылып, екі рулы ел арасында үлкен дау туады. Даудың мәнісі былай: Көшек елі мекендеген жерге көршілес орналасқан басқа бір рудың дәуекес біреулері кісі қолынан өлген адамның мәйітін әкеліп тастап кетеді де, артыншы әлті мәйіт иелері кісі құнын даулайды. Онымен қоймай Көшекке тай-тұяғы қалмай басқа жаққа қоныс аударуын талап етеді. Дау өрши түседі және оның жоқ жерден жабылған жала екенін түсінген ру басшылары Қарасай батыр бабасының Төлеге айтып кеткен аманатын еске алып: “билікті тек Төле би айтсын, басқаға көнбейміз”, - деп тұрып алады. Талап қойған жақ бұған амалсыз келіседі.

Билікті айту Төле биге жүктеледі. Қарасай бабасының аруағын сыйлаған, Төле би құныкер деп жазықсыз танылған Көшектің қолына нан, құран және балта беріп: - Көшек балам, ақ болсаң-ақ нанды ант беріп же, құранды кеудеңе басып, құдай алдында ант бер, одан кейін осы балтамен мына жайнап өсіп тұрған үш бәйтеректің әрқайсысын бір шапқаннан қиып

түсір, - дейді. Көшек сөзге келмей, наннан ақпын деп дәм татып, құранды құдай алдында кінәлі емеспін,-деп кеудесіне тосып ант беріп, балтаны қолына алып дереу билікті орындауға тұра ұмтылды. Бұл қимылдарды мүлтіксіз көз жібермей байқап тұрған Төле би Көшектің кіршіксіз таза ақ екендігіне күмәні болмай Көшекке: “тоқта!” деп айғай салады. Осы кезде ілезде аспанды қара бұлт басып, күн күркіреп, найзағай ойнап, қасиетті баба бұлт болып келіп, бұлт арасынан “Көшек-ақ, Көшек-ақ” деген қаһарлы сөзімен үн қатады. Сонда Төле би: “халайық, міне, өздеріңіз естіп тұрсыздар Көшектің ақтығын, Қарасай бабамыздың өзі айтып тұр, бұған не дейсіздер?”, - деген екен. Жиналған жұрт: “Уа, аруағыңнан айналайын ұлы бабам, Көшектің ақ екендігіне көзіміз жетті”, - деген екен. Сөйтіп, қиналған, қысылған Төле биді де, ұлын да жалған жаладан құтқарып жібереді.

Төлені сыртынан естігені болмаса, осы дауда ғана көзімен көрген жұрт осы биліктен кейін ұлы биге шексіз ризалық білдіріп, “атадан қалған жол-асыл сөз болсын, біздерге бірлі-жарам нақыл сөзеріңізді өсиет етіп қалдырсаңыз”, – деген екен. Жұрт тілегіне орай Төле би былай депті:

Теңізге құйса дария
Суының мол болғаны.
Ел билеген ер жігіт
Сыйласа халқы құрметтеп,
Басына бақыт қонғаны.
Қолында болса бар билік,
Қараға залым болмаңыз,
Алдына келсе бітпес дау,
Әділін айтып, қорғаңыз.

Тамыры терең қара емен
Қасқая күтер дауылды.
Ақылды шешен сөйлесе,
Таратар түгел қауымды.
Бірлігі мықты ел болса,
Барлығы түгел бауыр-ды.
Ұрпағына үлгі етіп,
Батырымды жырлап өт,
Жерлеп жеңсе жауынды,
Астыңа берсе алтын тақ,
Елінің саған сенгені.
Береке-бітім жолын тап,
Күштің бетін баста деп,
Қолыңа тізгін бергені.

Көпшіл болған ер дана,
Достары болар әр сала.

Өнерліден үлгі алып,
Салдырар сәнді мол қала.
Өнерлімен дос болсаң,
Қиялыңды қозғайды.
Ой-өрісі тар жігіт,
Ауылдан асып озбайды,
Береке – бітім ойлаған,
Ақылмен болар қолбасшы.
Мансапқұр оңбаған
Сатып кетер жолдасты.

Алғаның адал болмаса,
Басыңа бақыт қонбайды.
Екі досты айырған
Түбінде өзі оңбайды.
Көреген болса балаңыз,
Қиынды көзбен болжайды.
Өзінің туған ұл мен қыз
Сыйламаса – сол қайғы!
Наннан асқан тағам жоқ,
Қадірін білген адамға.
Билікті берсең қираттар,
Білімсіз соқыр наданға.

Осы мысалдардан – ақ дуалы аңызды Төле би бабамыздан халық арасында айтқан әманда ақ, әділ болатынын сипаттайтын әңгімелері аз емес.

Бұдан түйер түйін: Батыр Қарасай бала Төлені қалай таныса, дана Төле Қарасайдай дара тұлғаны солай қадірлеп, қасиеттеді. Мұны ел киесіне айналған екі Әулиенің ішкі рухани жан дүниелерінің сабақтастығы демеске не шара.

Бұл туралы Сүйінбай, Жамбыл бабаларымыздың шығармаларында айрықша көрініс тапқан.

Қарасайдан Әуез, Түрікпен лдан кейін Өтеп, Көшек деген балалар дүгиеге келеді.

Қарасайдың Әуезден кейінгі үлкен ұлы Түрікпен деген баласының бірінші әйелінен - Қыпшақ Құттыбидің қызынан – Тілеу, Жарылғап, екінші әйелінен Түкті ғұрт, Қызылғұрт, үшінші әелінен – Малғара, Жылғар. Ал Тілеуден – Уақ, Хамқа, Жарылғаптан жеті – бала Қойсоймас, Қараша, Қараш, Сатыбалды, Қойгелді, Жәнгелді, Тоқты тараған. Қызылғұрттан тұқым жоқ, ал Түктіқұрттан төрт бала – Бәйтелі, Қаумен, Дәулет, Жәпек тарайды. Дәулеттің бәйбішесінен – Қәшке, Мырзабек, Нұрабай, Мырзабектен – Сәт, Көшек, Әліке, Әлібек, Сәрке, Тастанбек, Қашкеден – Ақынбек, Станбек. Ал Жылғардан – Едіге, Алшынбай, Тұрсынбай таралады.

Қарасайдың ортаншы баласы Өтептен бес бала. Олар: Асан, Болпаш, Атығай, Нартайлақ, Табылбай. Ал Қарасайдың кенже ұлы Көшектің бәйбішесінен Айдар мен Жолшы, тоқалынан – Дулат, Шәуен, Майлы, Жаулы, “Жиен Көшек” деген аталар тараған. Қарасайдың кенже ұлы Көшектен тоғыз ұл тоғыз рулы елге айналған екен. Сол Көшектің тұқымы Қара ақсақал /Еспембет/ Қарасай батырдың үш ғасыр бойы сақталып келе жатқан қара босағасын келешек ұрпақтарға аманат етіп қалдырды. Ол босаға қазір Алматы облысы Қарасай ауданы, Шамалған селосындағы мешітте сақтаулы.

Билер мен батырлардың есімі аталған жерде Шапыраштының төбе биі Нарботаның аты аталмай қалмайды. Жамбылдың Сұраншы батыр дастанында Нарбота образы айрықша дараланады. Қоқан соғысында Нарбота би ерекше көзге түседі. Асқан ұйымдастырушылық қабілетін танытады. Нарбота бидің ел басқарудағы, билік жүргізудегі шешендігі, тапқырлық қыры бүгінгі оқырманға беймәлім. Себебі, кешегі кеңестік таптық саясат, империялық идеология, тоталитарлық тәртіп ел ішінен шыққан атақты билердің, батырлардың тағдыры мен табиғи таланты туралы айту түгілі атын естіртудің өзі алмағайып еді. Осыған орай ақын-жыраулардың, жырлаған тоғаулары идеология елегінен өткізіліп, игі жақсыларымыз шет қақпай көрді. Сондай күйді Шапыраштының атақты биі Нарбота да бастан кешірді. Елі, жұрты қасиеттеп, қадірлеген Нарбота би туралы жазылған, хиссалар, «Оның би болғаны» үшін ғана таптық тұрғыдан бағаланып, жариялануға тиым салынды.

Нарбота би өз заманының қоғам қайраткері, өз елінің, жерінің қамын ойлаған, қоқан басқыншыларына қарсы күресті ұйымдастырған аса ірі қайраткер, сөзге шешен, киелі би еді. Заманында Сүйінбаймен достық, бауырлық қатынаста жүрген. Сүйінбайды Тезек төреге, қырғыздың Қатаған ақынымен айтысуға барғанда жанына атқосшыларын жиып беріп, ақ тілеулі бата берген де Нарбота би. Сүйекең қандай іс болса да Нарбота бимен ақылдасып, кеңесіп, шешіп отырған. Өйткені, өз заманында елдің уйытқысы, басқарушысы да сондай дана кісілер болған.- Ақын, жыршы-жыраулар билермен бірге елдің жоғын жоқтасып, мұңын жырлаған ғой. Сүйінбай бір өлеңінде:

Дүниеден Сарыбай да кетті көшіп,
Бұл жерде Нарбота отыр желдей есіп,
Алдына бір жауапкер Екей келсе,
Түйе басы тоғызды салма кесіп,-

деген екен. Бұдан туатын қорытынды: Екей мен Есқожаның төбе биі Нарбота екендігі, оның сөзге асқан шебер шешендігі. Екінші жағынан Сүйекең өзінің сүйіп құрметтейтін биіне әділдік тұтқасын берік ұстауды әдемі әзілмен жеткізіп отыр.

Нарбота би Ұлы жүз қазақтарының атақты билерімен бірге Қытай мен Ресей империясы арасындағы жер мәселесін, ішкі-сыртқы саясатты шешуге, шекаралық дауларды реттеуге белсенді араласқан. 1840 жылы Іле

жағындағы Тереңөзек маңында шекараны бұзған үш мындай қытай әскерлеріне Нарбота би бастаған Шапыраштылар күйрете соққы берген. 1845 жылы Ұлы жүз ру басшылары Албан, Дулат, Суан, Шапыраштының билері мен сұлтандарының Қапалдағы жиынында Нарбота би, Сұраншы батырлар бейбіт жолмен Ресей бодандығына өтуге келісім берген.

Осыдан көп ұзамай Нарбота биге сұлтан атағы беріліп, полковник шені қоса тапсырылды. Қапал келіссөзінен кейін орыс әкімдері Шапырашты руының ең беделді азаматтары деп Нарбота мен Сұраншыны білген. 1860 жылдың 28 қазанында генерал-губернатор Г.А.Колпаковский Шапырашты елінің беделді адамдары Нарбота мен Сұраншыға былай деп хат жазады:

«Қоқандықтар бізбен соғысқалы келеді. Оның орыс әскерінің күшінен жеңілетіндігі сөзсіз. Шапырашты елінің зорлық пен Қоқан хандығының қол астында қалуы қынжыларлық жай. Оларға қарсы тұрартын халдеріңіздің жоқ екендігін де біліп отырмын. Құрметті батыр-билер, қоқандықтардың ішінде болғандарыңыз үшін мен сіздерді айыптамаймын. Иә, жалпы жағдай солай болып тұрғаны түсінікті. Мұны кеше Шаян келіп түсіндірді. Сондықтан менің сіздерден сұрайтыным, Қоқанның ешқандай әрекетіне араласпай, тыныштықпен көшіп-қонып дегендей... Шаруаларыңызды істей беріңіздер. Анда-санда маған келіп жолыққандарыңыз жөн. Орыс өкіметі сіздерге ешқандай жаманшылық ойламайды». (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік архиві. Қор-3, іс-75, парақ-34).

Осыдан кейін Нарбота, Сұраншы бастаған Шапырашты елі Қоқан иелігінен шығуға бел байлайды, соғыс күштерін біріктіреді, әскер басшыларына Сұраншы батырмен бірге Нарбота өзінің жалғыз ұлы Сүттібайды, Екейден Сарыбайды бекітеді. Нарбота, Сүттібай, Сураншы, Сарыбайлар әділ билікті жүзеге асырып, ел ішін бүлдіретін ұры-қарыларға, барымташыларға өз уақытында тосқауылдар беріп отырған. Ондай бүлік салатындарды елден, жерден қуып отырған. Билік жүргізгенде Майқы бидің, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билердің халыққа кең тараған әділ-нақыл сөздерін, дәстүрлі билік жүргізудің тура ережелерін кеңінен қолданған. Осындай асыл қасиеттері үшін оларды халық құрметтеген, олар ақын-жазушылар шығармаларының арқауы болған.

Шапыраштының төбе биі Нарботаның әділеттілігі, қара қалды қажарған шыншылдығы арқасында ел бірлігі сақталған. Өзіне туыс болып келетін Бәйтелі, Қаумен, Дәулет руларына 1860 жылдары Күнгей Алатауының етегінен жақсы жерге қоныстануына да үлес қосқан Нарбота би. Екей, Есқожа рулары арасындағы жер-су, жетім, жесір дауларды дер кезінде әділ шешіп, рулық қақтығыстарға жол бермеген. Көршілес қырғыз ағайындарымен достық қатынас орнатуға үлес қосып, екі ел арасындағы достықты нығайтуға да Нарбота бабамыз үлкен еңбек сіңірген.

Нарбота тіршілігінде тәуіпшілік те жасаған. Бала көтермеген, баласы тұрақтамай жүргендерге, есі ауысу дертіне, сондай-ақ неше түрлі басқа індетке ұшырағандарға ем жасап, сауықтырып жіберіп отырған. Нарбота шамамен 1795 жылдары дүниеге келіп, 1870 жылдары баласы Сүттібай қоқандықтар қолынан қаза болғаннан кейін, көп жылғы қайғының әсерінен

Қастекте дуние салған. Нарбота биді жерлеуге қазақ, қырғыздың белгілі адамдары қатысып, 500 салт атты адам бейітіне топырақ салған.

Бейіті Қастек шетінде, Бота-мойнақ асуында. Нарбота бидің бейітіне зибірат етіп, тунеп, әруағын сыйлағандардың көбі өз мақсаттарына жеткен.

Өз заманында Сүттібай Нарботаұлы, Күнбатыс Қастек, Сұраншы Күншығыс Қастек болысынын билері болған. Әділеттілігімен, шешендік ойларымен, турашыл шыншылдықтарымен өз елінің құрметіне бөленген. Қоқан басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық соғыс жағдайында ондағы билікті батырлықпен ауыстырып ел тілегін орындаған. .

Сүттібай Нарботаұлы 1815 жылдары дуниеге келген, арабша оқып, сауатын ашқан, көзі ашық азамат болған сонымен бірге жасынан билікке араласып, тапқырлығымен, әділдігімен көзге түскен. Сүттібай Сұраншының бірінші орынбасары. Сұраншы, Сүттібайлар әскери қолбасшы ретінде Ұзынағаш, Қастек, Мерке, Байрам соғысына қатысып, ерекше ерлігімен көзге түскен. Сураншыны қоқандықтар тутқында ұстаған 6 ай уақыт кезінде Сүттібай батыр онын орнын жоқтатпай әскер бірлігін сақтап қалған. Сұраншы, Сүттібай, Сарыбай Сайрам соғысында жау қақпасын ерлікпен бұзып кіреді. Бірақ үшеуі бірдей қоршауда қалады. Сол қоршау ішінен Сұраншы мен Сүттібай екі жақтап Сарыбайды елге аман барып, елдің елдігін түзе деп, занғар дарбазадан сыртқа лақтырып жібереді. Сарыбай батыр содан бір аяғының сынғанына қарамастан жаудан сытылып шығып, ел жұртына аман сау жетеді, көп жыл бойы тозып кеткен елін біріктіріп, дуниеден өткенше Екей руының биі атанған. Сарыбай батыр сөзге шешен, айтқаны қалт кетпейтін дуалы ауызды әділ би болған. Өз заманында патша өкіметінен де зор қолдау тауып, полковник әскери шенін алған. Жамбыл бабамыздың көп жырлаған батырларының бірі Сұраншы.

Сұраншы Ақымбекулы 1815 жылы Верный уезі күншығыс Қастек болысында дуниеге келген, Саурық батырдың ағайыны, Саурық Станбектің баласы. Станбек Ақымбек Кәшке батырдың ұрпағы. Жасынан арабша хат танып, зерек өскен Сұраншы өсе келе билікке араласып, Нарбота бидің тәлімі тәрбиесін көреді. Мырзабек, Кәшке руына би болып сайланады. Билік ету- ол дау-дамайды ғана шешу емес. Би елдің қорғаушысы, қамқоршысы, ыстығы мен суығына күйетін тірегі. Осыған орай Сұраншы жасынан-ақ елге шапқан шапқыншыларға, Қоқан әкімдерінің елдің арнамысына тиетін өктемдік әрекеттеріне барынша тойтарыс беріп елінің сүйіспеншілігіне бөленеді. Жасынан алғыр болып туған Сұраншы елді Қоқан шапқыншыларынан құтқарудың жолы Ресей патшалығымен одақ құруда деп түсінеді. Оған байланысты 1846 жылдары ол Нарбота бимен бірге Батыс Сібірден Жетісуға қарай келе жатқан патша әскерінің алдынан бір топ адамды басқарып шығады.

Генерал Вишневскийдің әскерін Іледен өткізуге жәрдем береді. Содан кейін ол патша әскерінің сенімді адамы ретінде 1847 жылдан бастап Ресей әскерінің құрамына алынып, оған прапорщик деген шені беріледі. 1850

жылы штабс-капитан Гутковскийдің, 1851 жылы полковник Карбышевтің отрядымен қоқандықтарға қарсы жойқын шабуыл жасауға әзірленеді. 1858 жылы Қоқан хандығының алым-салық, зекет, әскери салықтарына шыдамаған жергілікті халық Сұраншы, Сүттібайлардың басшылығымен көтеріліске шығады. Осы көтерілістен кейін Мерке, Шу, Анырақай маңындағы үлкен соғыстарда Сұраншы ерлігімен көзге түседі. 1859 жылы Сұраншы батыр бастаған қазақ жауынгерлері орыс әскерлерін Шу өзенінен өткізуге үлкен көмек береді. Пішпек, Әулие ата маңындағы географиялық жағдайларды барлауда зор еңбек сіңіреді. 1860 жылы күздің күні орыс әскерінің қолбасшысы Сұраншыны, Андасты, Дикамбаиды, Сыпатайды, Әшкені қоқандықтардың жағдайын білуге барлауға жібереді. Жау ақпарын барлауға барған Сұраншы мен оның серіктері жаудың «діндестер, бірегелік» деген сөзіне алданып, жау жағында қалып қояды. Қоқандықтардың алдамшы саясатына, сиқырлығына көзі жеткен Сұраншы мен оның серіктері алғашқы күннен бастап-ақ Ресей әскерінің қоластына қайта өтудің қамын жасайды. Сұраншы және оның серіктері қанша амал жасағанмен, жау қолынан біраз уақыт қашып шыға алмайды. Патша өкіметі жағдайды жетік білмей Сұраншыны жау жағына шығып кетті деген сылтаумен оны сыртынан өлім жазасына кеседі. Бірақ, Сұраншы бастаған барлаушылар кейін амалын тауып орыс әскеріне қосылған кезде Алатау округінің приставы Колпаковскийге Нарбота би өтініш айтып, Сұраншыны, оның серіктерін босатуға көмек сұрайды. Колпаковскийдің ұсынысымен 1862 жылы 16 шілдеде Батыс генерал-губернаторы Сұраншыға және оның серіктеріне кешірім жариялайды. Сұраншыға бұрынғысынша прапорщик қызметін жалғастыруға рұқсат етіледі. 1864 жылы Сұраншы, Сүттібай, Сарыбай би-батырлар бастаған қазақ жасақтары Черняевтің отрядымен бірге Сайрамға шабуыл жасайды. Осы соғыста Сұраншы мен Сүттібай қоқандықтардың қолынан қаза табады.

Кезінде Шапырашының төбе биі Нарбота Сарыбайға өзін өлімнен сақтап қалған Сұраншымен Сүттібай батырлардың сүйегін Сайрамнан алып келіп, елге жерлеуді тапсырды. Алайда Сарыбай би дүниеден ерте өтуіне байланысты осы тапсырманы орындай алмай кетеді. Сонымен Сұраншы Сүттібай батырдың денесі Сайрамда қалады.

Міне, осы жоғарыда аталған билер, батырлар туралы халық «Ұлы жүздің ішінде Шапыраштыдан бұлар тараған, халқына қатаң күн туса, қамқорына жараған», - деп баға берген екен.